



ЗАҢНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асылықты қабылдады. Президентке еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі, сондай-ақ қадағалаушы органның қызметіндегі басым бағыттар жөнінде мәлімет берілді.

Берік Асылыов заңсыз иемденілген активтерді қайтару үшін қабылданып жатқан шаралар және осы мақсатта жаңадан құрылған Комитеттің қызметі туралы баяндады. Бас прокурордың айтуынша, Комитет шетелге шығарылған активтерді іздеу, заңсыз схемаларды әшкерелеу үшін жасанды интеллектті пайдалану арқылы IT технологияларды қолданады.

Мемлекет басшысына маңызды инвестициялық жобаларды құқықтық тұрғыдан қолдау жұмыстары жөнінде ақпарат берілді. Құрамына Сыртқы істер министрлігі, «Қазак-Инвест» ҰК» АҚ, «Атамекен» ҰКП өкілдері және Бизнес-омбудсмен кіретін арнаулы Ведомстваралық комиссия инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған алғашқы шараларды әзірледі. Прокурорлар 900-ден астам инвестициялық жобаны бақылауға алды. Қазірдің өзінде 41 инвестордың түйткілді мәселелері шешімін тапты.

Президентке инвестицияның қауіпсіздігіне кепілді күшейту үшін инвестициялық жобаны жүзеге асырудың бүкіл процесін нақты уақыт режимінде бақылауға ұстауға мүмкіндік беретін

цифрлық шешімдер енгізу, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бизнеске қатысты негізгі шешімдерін прокурормен келісу ұсынылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа үш буынды модель аясында кәсіпкерлерді қылмыстық қудалау 3 есе қысқарғаны (614-тен 204-ке дейін) жөнінде мәлімет берілді. Жалпы, еліміз бойынша 1041 тұлғаның негізсіз қылмыстық қудалауға тартылуына жол берілген жоқ. Конституциялық құқық бұзушылықтар саны 29 пайызға қысқарды (310-нан 222-ге дейін).

Бұдан бөлек, Президентке азаптауға қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде баяндалды. Мұндай әрекеттердің алдын алу үшін 54 түзету мекемесінде 29 мың бейнекамера орнатылған, сәйкесінше азаптау фактілеріне шағымдану да 94-тен 17-ге дейін азайған.

Сондай-ақ Бас прокурор қоғамда резонанс тудырған қылмыстардың тергелу барысы жөнінде есеп берді. Аталған мәселелермен қатар, халықаралық ынтымақтастық бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесі таныстырылды. Атап айтқанда, биыл шетелден ауыр және аса ауыр қылмыс жасады деп айып тағылған 40 адам экстрадицияланды. Жалпы Қазақстан қылмыстық-құқықтық сала бойынша алыс шетелдің 34 мемлекетімен 74 шартқа қол қойды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің тыныс-тіршілігіне қатысты барлық салада заңның сақталуын қамтамасыз ету ісін күшейту қажет екеніне назар аударды.



ПРЕЗИДЕНТ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровты қабылдады. Мемлекет басшысына еліміздің биылғы 10 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала нәтижелері туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2023 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімнің өсімі 5 пайыз көлемінде болады деген болжам жасалып отырғаны жөнінде баяндалды. Бірінші жарты-жылдықта шетелден тартылған тікелей инвестиция көлемі 13,3 миллиард долларға жетті. Жылдық инфляция 2 есе, яғни 10,8 пайызға дейін (ақпан айында 21,3 пайыз) төмендеді.

Әлібек Қуантыров жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 36,4 пайызға жеткенін мәлімдеді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Шағын және орта бизнес өндірген өнім көлемі 28 триллион теңгеден асты. Бұл салада 4,3 миллион адам жұмыспен қамтылған. Биыл 9 мың жобаға субсидия берілді. Несиенің жалпы көлемі – 669 миллиард теңге.

Мемлекет басшысына бизнесті тексеру ісін 2 есе азайту үшін кәсіпкерлік саласына жаңа реттеу саясаты енгізілетіні туралы мәлімет берілді. Мін-

детті талаптар реестрі жасалып, сын-қатерлерді басқару жүйесі автоматтандырылады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаңа Бюджет және Салық кодекстерінің әзірленуі барысы, сондай-ақ инвестициялық саясат, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту шаралары туралы айтылды.

Бұдан бөлек, Ұлттық экономика министрі «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының жүзеге асырылуы жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, биыл 267 миллиард теңге инвестиция тарту, 5,8 мың шақырым желіні жөндеу, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласы қызметкерлерінің жалақысын 50 пайызға көтеру, желілердің тозу деңгейін 3,2 пайызға азайту жоспарланып отыр.

Президентке Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасының іске асырылуы жайында мәлімет берілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы іске қосылғалы бері республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 7 есе артты. Биыл 771 ауылда 1,8 мың жобаны орындау жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сапалы және орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, сондай-ақ реформаларды тиімді жүргізу жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

ЕҢБЕК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ



Елордада «AMANAT» партиясының қолдауымен Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы өз мәресіне жетті.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов аламан айтыстың ашылу салтанатында сөз алып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбек адамы мәртебесін көтеруді үнемі айтып жүргеніне ерекше назар аударды.

3»

АСТЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ АЛАҢ

Қазір қамбаға 11,4 млн тонна бидай құйылғаны белгілі болды. Бұл туралы Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың өзі айтып берді. Еске сала кетсек, биыл елімізде жалпы аумағы 23,4 млн гектар егіс алқаптарына түрлі дәнді дақыл себілген болатын.

тырылды, оның 11,4 млн тоннасы бидай», – деді министр.

Еліміздегі дәнді-дақылдар бөлінісінде бидай жиналатын алқап 13,4 млн гектарды құраған. Ал майлы дақылдар 1,9 млн гектар немесе 68%-ды көрсеткен, қазір 1,6 млн тонна майлы дақыл тұқымы жиналды. Оның ішінде күнбағыстың орташа өнімділігі 11,6 центнер/гектар болып, 747,5 мың тоннасы қамбаға бастырылған.

Картоп бала 168,8 мың гектар аумақтан толығымен жиналып, 3,5 млн тоннаны құраған. Көкөніс дақылдарына келер болсақ, барлығы 162,4 мың гектар алқаптан жиналған түсім 4,3 млн тоннаға жеткен. Сарапшылардың сөзінше, бұл онша жаман көрсеткіш емес. Десе де, бұдан да мол өнім алуға мүмкіндік бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

(Жалғасы 6-бетте)



КАМБАДА

ҚАНША АСТЫҚ БАР?

Министрдің айтуынша, осы жылы дақылдардағы орташа түсімділік гектарына 9,7 центнер болған екен.

«Бүгінде еліміздің барлық өңірінде астық жинау аяқталудың соңғы сатысында тұр. Облыс әкімдіктерінің берген деректері бойынша орташа өнімділігі 9,7 центнер/гектар бастапқы салмақта 16,4 млн тонна астық бас-

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ



Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады.

Президентке Ұлттық банктің биылғы қантар-қазан айларында жүзеге асырған ақша-кредит саясатының нәтижелері жөнінде есеп берілді.

Мемлекет басшысына Қазақстан экономикасының жағдайы, инфляцияны төмендету шаралары, сондай-ақ алтын-

валюта қорының, БЖЗК мен Ұлттық қор активтерінің жай-күйі туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа цифрлық теңгені іске қосуға дайындық жұмыстарының барысы және цифрлық қаржылық инфрақұрылымды дамыту жоспары жайында мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Тимур Сүлейменов экономиканы кредиттеу ісін ынталандыру үшін тиісті шаралар әзірлеуге қатысты Мемле-

кет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларының орындалу барысы туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар Ұлттық банк төрағасы ұлттық валютамыз – теңгенің 30 жылдығын атап өтуге дайындық жұмыстары жөнінде айтты.

Кездесу соңында Қ.Тоқаев ақша-кредит саясатын тиімді жүзеге асыруға бағытталған бірқатар міндет жүктеді.

АҒЗА ДОНОРЛЫҒЫ: САЛАДА – СОНЫ БЕТБҰРЫС



4 БЕТ

ДЕРБЕСТІК КЕПІЛІ



5 БЕТ





СЕНАТ ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕКІТІЛДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 16 қараша күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Алдағы палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды

қарайды. Бұл заң тиісті саладағы заңнаманы жетілдіруге, сондай-ақ цифрлық майнинг жөніндегі қызметті реттеуге арналған.

Заң нормаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген бірқатар құжатты қоспағанда, жеке басын қуаландыратын құжаттардың көшірмелерін қағаз жеткізгіште жинауға, өңдеуге тыйым салу белгіленеді.

Сонымен қатар бюро отырысында Парламент Мәжілісінен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУҒА ҚАТЫСА АЛМАЙДЫ

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң жобасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған ережелер қарастырылған. Аталған құжатты Мәжілісте Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбейіл таныстырды.



«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының қатарында сыбайлас жемқорлық құқық бұзу әрекеттеріне, мүдделер қақтығысына жол бермеу қосылды. Осы ретте, әлеуетті өнім беруші, оның басшысы немесе құрылтайшылары бұрын сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаса, онда мемлекеттік сатып алуларға қатыса алмайды», — деді Д.Кеңбейіл.

Айта кетейік, заң жобасы аясында сатып алу процесін реттеуді оңайлату және бюрократиядан арылту мақсатында шағымдарды қараудың жаңа тетігін енгізу, сондай-ақ бақылаушы органның рөлін қайта қарау ұсынылып отыр.

ЖАУЫНГЕРДІҢ СҮЙЕГІН ЕЛГЕ ЖЕТКІЗЕДІ



Мәскеудегі Қазақстанның елшілігінде Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан қазақстандық жауынгердің сүйегін тапсыру рәсімі өтті. Бұл туралы елшілік қызметі хабарлады.

Жауынгердің медальонында сақталған жазбаның арқасында оның Қызылорда облысы Қазалы аудандық военкоматынан әскерге

шақырылғаны анықталған. 1912 жылы дүниеге келген Сейлан Мәметов 1941 жылы 7 қарашада Мәскеуді қорғау кезінде қаза табады. Ол 144-атқыштар дивизиясының 785-атқыштар полкінің құрамында соғысқан.

Қазақстанның Ресейдегі елшісі Дәурен Абаев бүгінгі шара болашақ ұрпақ үшін құрбан болған жауынгерлерге тағзым екенін атап өтті.

«Сол кездегі адамдардың ерлігі туралы естелік қазақстандықтардың жүрегінде мәңгі қалады, кітаптарда, әндерде, монументтерде, мемориалдарда, мұражайлар экспозицияларында және көше атауларында бейнеленеді, — деп атап өтті Дәурен Абаев.

Сейлан Мәметовтің туыстары әлі табылған жоқ. Оның сүйегі Қазақстанға жеткізіліп, әскери құрметпен жерленеді.



МИНСКІДЕ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ БОЛАДЫ

Минскте ҰҚШҰ-ға мүше елдер аймақтағы әскери-саяси жағдайға байланысты пікір алмасады. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров апталық брифингте айтты.

«22 қарашада Минск қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің, Қорғаныс министрлері кеңесінің және Қауіпсіздік кеңестері хатшылары комитетінің бірлескен отырысы өтеді. Аталған іс-шараға Премьер-Министрдің орынбасары — Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу, Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Ғизат Нұрдәулетов және Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов қатысады. Отырыс барысында ҰҚШҰ-ның Ұжымдық қауіпсіздік аймақтарындағы әскери-саяси жағдай және сессияаралық кезеңдегі ұйым қызметі туралы пікір алмасу жоспарланған», — деді Айбек Смадияров.

Отырысқа қатысушылар ұжымдық қауіпсіздік жүйесін дамытудың түрлі мәселесі бойынша шешім қабылдайды және бірқатар саяси мәлімдеме жасамак. Сондай-ақ Минск қаласында жоспар-

ланған Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы барысында Мемлекет басшыларының қарауына шығарылатын құжаттардың жобаларын мақұлдайды деп күтіліп отыр.

«2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ұйымға төрағалық Қазақстан Республикасына өтеді. Сондықтан Минскте өтетін бірлескен отырыста М.Нұртілеу келесі жылы осы ұйымдағы Қазақстан қызметінің басым бағыттарымен таныстырады. Басымдықтарды қалыптастыру кезінде қазақ тарапы ҰҚШҰ қызметіндегі сабақтастықты сақтаудың маңыздылығына негізделеді. Әріптестерге мүше мемлекеттер үшін неғұрлым өзекті және талап етілетін ҰҚШҰ жұмысының жарғалық бағыттарына шоғырлану ұсынылатын болады. Жалпы, Қазақстанның басымдықтарын ҰҚШҰ саммитінде Мемлекет басшысы ресми түрде ұсынады», — деді СІМ өкілі.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ЧЕЛЛЕНДЖІ ӨТЕДІ

Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті мәліметінше, 17 қарашада еліміздің барлық мектептерінде бір мезгілде ұлттық ойындар челленджі өтеді.



Оқушылар «Бес табан» және «Бес асық» ойындарын ойнайды. Челленджінің мақсаты — білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу.

«Ұлттық ойындар — адамға қанат бітіріп, шабыттандыратын ғажайып сайыстар, ол денсаулықтың ғана емес, өмір үйлесімділігінің кепілі. Мәселен, асық ойнау баланың жүйке-бұлшықет жүйесін шынықтырады, дүниетанымын кеңейтеді,

оның шапшаң қимылдауына әсер етеді, сондай-ақ көру қабілетін жақсартады. Бұл кең көлемді республикалық акция еліміздің барлық білім беру ұйымын біріктіруге, өз елі үшін, халық құндылығы үшін мақтанш сезімін қалыптастыруға, қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қызығушылықты арттыруға бағытталған», — дейді департамент директоры Меруерт Медетбекова.

Челленджге еліміздің миллионнан астам оқушысы қатысады деп күтілуде.

КӨЛІКТІ ҚЫСҚА ДАЙЫНДАУҒА ШАҚЫРДЫ

Көлік жүргізушілері 1 желтоқсан мен 1 наурыз аралығында қысқы дөңгелекпен жүруге міндетті. Техникалық регламент талабы осындай. Бұл туралы ӨКК брифингінде Салтанат Әзірбек айтты.

Спикердің сөзінше, тәртіп сақшылары Әкімшілік кодекстің 590-бабының 5-бөлігі бойынша, қысқы уақытта жазғы дөңгелекпен жүрген жүргізушіге айыппұл салуға құқылы.

Бұл айыппұлдың ең төменгі мөлшері — 5 АЕК, егер бір жыл ішінде жүргізуші осындай заңбұзушылықты қайта жасаса, онда айыппұл 10 АЕК-ке дейін артады.

«Қыс таяп қалды, сондықтан 1 желтоқсаннан 1 наурызға дейін біздің барлық көліктеріміз қысқы резинкеге ауысуы керек. Бұл — қауіпсіздік талаптары, өйткені ірі мегаполисте алғашқы жауын-шашыннан кейін аласапыран басталады. Оның себебі — жүргізушілер қыс мезгіліне дайын емес», — дейді Салтанат Әзірбек.

Ол жүргізушілерді алдын ала қамданып, көлікті қыс кезіне ертерек дайындауға шақырды.

Полициялар 1 қарашада осы бағыттағы профилактикалық жұмысты бастады.





Әлір БАЙЖАН (Фотос)

ЕҢБЕК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Елордада «AMANAT» партиясының қолдауымен Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы өз мәресіне жетті.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов аламан айтыстың ашылу салтанатында сөз алып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбек адамы мәртебесін көтеруді үнемі айтып жүргеніне ерекше назар аударды.

«Биылғы «Алтын домбыра» ақындар айтысының өзіндік мәні бар. Бүгінгі айтыс қарапайым еңбек адамдарына ар-

налады. «Еңбек – ел ырысы» деп отырмыз. Себебі берекенің бастауы – еңбекте. Ал оның иесі де, киесі де – қарапайым еңбек адамдары. Осы ретте Мемлекет басшысы «Адал азамат» ұғымын қоғам санасына сіңіруді ұсынды. Айналып келгенде, мемлекетті мемлекет, елді ел қылып отырған бай-бағылдар емес, қатардағы жұмысшылар, малшылар, диқандар, ұстаздар мен дәрігерлер. Қазір оларға деген қоғамның шынайы құрметі оянып келеді», – деді Е.Қошанов.

Өз кезегінде, айтыс тізгінін ұстаған белгілі ақын, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай көзіқарақты көрерменге қазылар алқасының құрамын және ақындар қауымын таныстыра келіп:

«Айтыс – ұрпақтан ұрпаққа өкениң қаны, ананың сүтімен жеткен қастерлі өнер. Бүгін елорда төрінде еңбек адамының қадір-қасиетін, олардың қоғамдағы айрықша орнын жырға қосамын деп ойы өрелі, сөзі сүбелі айтулы ақындар бас қосып отыр. Баршанызға сәттілік тілеймін», – деді.

Айта кетейік, екі күнге созылған аламан айтыста еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 16 ақын өнер көрсетті.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек дәстүрлі доданың мәні мен маңызына тоқталып, партия алдағы уақытта да мәдениет пен өнерге барынша қолдау көрсете беретінін жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамының мәртебесін көтеруді үнемі айтып келеді. Есідің жағасында екі күн бойы ерекше өнер көрсеткен ақындарымыз да еңбек адамының абыройын асқартатып, олардың ел дамуына қосып жатқан өлшеусіз үлесін жырға қосты. Елді көркейтетін – еңбек. Айтыс деп аталатын асыл өнеріміз төрден түспесін», – деді ол.

Реті келгенде қазылар алқасының төрағасы, Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова қазылар құрамы әдептен озбай, ардан аттамай, әділ шешім қабылдағанын айтты.

«Үндемесем өзіме өзім төре, сөйлеп кетсем өзіме сөзім төре» дейді қазақ халқы. Сол сөзге бүгін әділ бағасын берген қазылар алқасының ары таза деген ойдамын. Күміс көмейінен жақұттай жыр төккен ақындарымызға шалқар шабыт тілеймін. Ұлттық

өнеріміздің беделі биік, абыройы асқақ болғай», – деді Ә.Беркенова.

Осылайша, қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені қарағандылық Мақсат Аханов иеленді. Оған «Алтын домбыра» және автокөлік табысталды.

Ал жүлделі 1-орын және «Айтыс ақтангері» атағы қызылордалық Мейірбек Сұлтанханға, 2-орын павлодарлық Аспанбек Шұғатайға бұйырды. 3-орынды ұлытаулық Төлеген Жаманов пен Батыс Қазақстан облысынан келген Жансая Мусина өзара бөлісті.

Сондай-ақ жамбылдық Алина Айдаралы, Батыс Қазақстан облысының айтыскері Мұрадым Мирланов және алматылық Шұғайып Сезімхан арнайы жүлде иеленді.

Сайысқа түскен барша ақыңға қомақты сый-сыяпат табысталды.

Берік БЕК

ЖЕТІСУДА ӨНІРЛІК ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ ҚҰРЫЛДЫ



Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, оларды елдің қоғамдық-саяси өміріне тарту, гендерлік теңдікке және ауыл қыз-келіншектеріне өз қабілет-қарымын танытуға жағдай жасау. Осы және өзге де өзекті мәселелер «AMANAT» партиясының қолдауымен өткен Жетісу облысының әйелдер активі жиынында талқыланды. «Мемлекет дамуындағы әйелдің рөлі» тақырыбымен өткен басқосуға барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер, көпбалалы аналар, білім беру, денсаулық саласының өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы прогрессивті елдің маңызды белгісінің бірі әйелдің қоғамдағы мәртебесі екенін бірнеше рет атап өтті. Инклюзивті мәдениет пен гендерлік теңдік қалыптастыру – «AMANAT» сайлауалды бағдарламасының басымдықтарының бірі. Ол үшін партия әйелдер қанатын құрып, оның аймақтық филиалдарын ашып жатыр.

«Біз әйелдер құқығын қорғауға ерекше назар аударуымыз керек. Сол үшін де партия әйелдер қанаты жұмысының 10 басым бағытын айқындап отыр. Олардың ішінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға жәрдемдесу, өндірістегі еңбекті қорғау, ауылдағы бизнес, отбасының денсаулығы мен құндылықтары, экономикалық құқық, әйелдердің ғылымдағы рөлі және басқа да бағыттар бар. Әр бағыт бойынша сарапшылар тобы жұмыс істейді, олар проблемаларды шешу бойынша өз көзқарастары мен пікірлерін ұсынады», – деді партия хатшысы Шолпан Каринаова.

Іс-шараға қатысушылар әйелдердің түрлі саладағы белсенділігін арттырудың маңыздылығын атап өтті. Осы орайда, облыстық мәслихат депутаты Римма Салықова Жетісу өңірінде кәсіпорындардың 49 пайызын әйелдер басқаратынын атап өтіп, оның ішінде ауылдық жерде бизнестегі әйелдердің үлесін арттыру жайлы сөз етті.

«Жұмысын жаңа бастаған әйелдерге шығармашылық және кәсіпкерлік мүмкіндігін жүзеге асыруға жағдай жасалу керек. Біз Жетісу өңіріндегі бірқатар ауылдан аралап, жаңа кәсіп ашықсы келетін, бірақ ісін неден бастайтынын білмей отырған қыз-келіншектермен, жалғызбасты аналармен кездестік. Ауылда көкөніс өсіргісі, балабақша ашықсы келетін, сондай-ақ жергілікті жерде өнім шығарғысы келетін әйелдер көп. Жаңа кәсіпорын пайда болса, жаңа жұмыс орындары ашылатыны да түсінікті. Баламен үйде отырғанымен, үй шаруашылығынан тыс уақытта қосымша табыс тауып, оны сүйіп істейтін ісіне айналдырған әйелдер де аз емес. Оларға қолдау білдіру керек», – деді ол.

Төміріс партиялық жобасының амбассадоры, облыстық мәслихат депутаты Баршағұл Саятова әйелдер барлық салада табысты жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

«Қыз-келіншектердің арасында ер адамдармен тең мүмкіндіктерді пайдаланып, өз бизнесін дамыту үшін «Ауыл аманаты» жобасы арқылы жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие алып, кәсібін нәсіп қылып отырғандар бар. Қазірдің өзінде олардың ірімшік, киізден жасалған бұйымдар өндірісі жолға қойылып жатыр», – деді ол.

Астанада қаласының әкімдігі елорда тұрғындарына мемлекеттік қолдау шаралары туралы және жұмысқа орналасу, цифрлық дағдыларды игеру мүмкіндіктері бойынша тегін кеңес беретін JOLTAP әлеуметтік жобасын іске қосты. Жоба арқылы оқығысы немесе ақыл-кеңес, бағыт-бағдар алғысы келетін кез келген азаматқа қаланың адам көп жиналатын орындарында орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде тегін кеңес беріледі.

JOLTAP жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өнімді жұмыс орындарын құруға баса назар аударатын, белсенді әлеуметтік саясаттың қажеттілігі туралы тапсырмаларын орындау, әлеуметтік реформаларды тиімді жүзеге асыру мақсатын көздейді. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек мамыр айында қоғамдық тамақтану, құрылыс, көлік, қызмет көрсету және тағы басқа саланың өкілдерімен кездескенде елорда тұрғындарын жұмыспен қамтып, табысын арттыруға бағытталған жаңа жоба іске қосылатынын мәлімдеген болатын.

«Бұл жоба әлеуметтік саясаттың жаңа принциптерін жүзеге асыруда маңызға ие. Яғни, Мемлекет басшысы ұсынған әлеуметтік реформалардың бірі ретінде дамиы. Бастаманың нәтижелі болуына нақты қадам жасалып жатыр. Жобаға қоғамдық тамақтану, сауда, құрылыс, көлік және қызмет көрсету салаларындағы ірі бизнес өкілдері мен сала көшбасшылары жұмылдырылды. Олардың ішінде VI Group, Magnum, Marwin, Shaurma Food және тағы басқалар бар», – дейді Астана қаласының қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

«Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қорының хабарлауынша, JOLTAP жобасы аясында бүгінге дейін 3 200 азаматқа кеңес берілген. Қала тұрғындары мемлекеттік қолдау шаралары және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жайлы көбірек ақпарат алған. Астана әкімдігінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жобаға «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қоры қолдау білдіріп отыр. Сондай-ақ жоба – мемлекет, бизнес және қоғамның бірлескен күш-жігерімен құрылған тиімді жүйе ретінде танылып отыр.

JOLTAP жобасы аясында табысын арттыруға мұқтаж азаматтарды белсенді түрде анықтау мақсатында және оларға мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес беру үшін Астана қаласында 10 модульдік пункт ашылды. Модульдік пункттер демалыссыз күн сайын сағат 10:00-ден кешкі 19:00-ге дейін жұмыс істейді. Модульдік пункттердің консультанттары тұрғын үй бағдарламалары, бизнесті қолдау, әлеуметтік көмек және еңбекпен қамту сұрақтары бойынша жан-жақты ақпарат береді. Жоғарыда айтқанымыздай, қазір «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы 52 мемлекеттік қолдау шарасы бойынша 3 200 адамға кеңес берілді. Олардың 870-і әлеуметтік осал топтарға жатады. Сонымен қатар JOLTAP жобасы аясында бизнес ашу үшін грант пен микроқаржыландыру бағдарламаларына қатысуға 720 адам өтінім жасаған. Жобаны ұйымдастырушылардың айтуынша, қала әкімдігінің бұл бастамасы

JOLTAP: ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК



модульдік пункттерде қолжетімді кеңес берумен өте тиімді жұмыс жүргізіп келеді. Қаланың кез келген тұрғынына өмірлік жағдайларына байланысты табысты арттыру үшін мүмкіндіктер мен шаралар туралы кешенді түрде кеңес беріп, нақты жоспарлар құруна көмектесіп, пайдалы ақпаратты түсіндіріп беру арқылы халықтың ынтасын арттырып отыр.

Жобаның тағы бір артықшылығы, жұмыссыз жүрген азаматтарға жұмысшы мамандықтары бойынша еңбекпен қамту үшін JUMYS TAP Telegram-ботын қосқанын айтуға болады. Бот мақсатты салаларда (қызметтер, сауда, қоғамдық тамақтану, құрылыс) қаланың өзекті бос жұмыс орындарын қамтиды. Бот толығымен тегін, әрі қолдану үшін оңай. Оның арқасында жұмыс берушілер мен үміткерлер делдалдарсыз тікелей байланыса алады. Сонымен қатар азаматтар жұмыспен қамту бойынша тікелей кеңес алу үшін «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттеріне жүгіне алады.

JOLTAP жобасы аясында қала тұрғындары екі қысқамерзімді оқу бағдарламалары бойынша дағдылар ала алады. Бірінші бағдарлама арқылы азаматтар сауда, құрылыс, қызметтер салаларында сатушы-кассир, тігінші сияқты жұмысшы мамандықтарына оқи алады. Оқу бағдарламасы бизнес көшбасшыларының талаптары мен стандарттарына сай құрастырылған, – дейді жобаны ұйымдастырушылар.

Ал «Freelance Мүмкіндік» атты екінші бағдарлама қазіргі кезде нарықта сұранысқа ие цифрлық мамандықтарға үйретеді. Бағдарлама аясында жыл соңына дейін 500 азаматты 7 өзекті мамандық бойынша үйрету жоспарлануда. Таңдау үшін оларға жеті цифрлық мамандық ұсынылды: таргетолог, SMM, видеограф, маркетинг маманы, мобилограф, графикалық дизайнер және веб-дизайнер (сайттарды әзірлеу). Белгілі болғандай, қазірдің өзінде модульдік пункттер арқылы 2 мыңнан астам азамат цифрлық мамандықтар бойынша қысқамерзімді оқытуға жазылды. Қала тұрғындары арасында жоғары сұраныс байқалуда, тіпті 35 жастан асқан азаматтар да өзекті мамандықты үйренуге ынта танытуда. Түлектер арасы-

дағы сұрастыру нәтижесінде жартысы ресми түрде жұмысқа тұруға немесе фриланс бойынша тапсырыстар алуға дайын екенін айтқан. Жобаға қатысуға өтініш берген азаматтардың 10%-ы өз ісін ашпақшы, ал 22%-ы әрі қарай оқуын жалғастырығысы келді дейді жоба авторлары. Ұйымдастырушылардың айтуынша, үш жылдың ішінде жұмысшы және цифрлық мамандықтар бойынша 10 мың адамды оқыту жоспарлануда.

«Мен мобилография курсына оқимын. Оқыту тегін әрі сабақтар жайлы кабинеттерде және студияларда өтеді, онда біз фотосессияларға қатысамыз және білімімізді тәжірибе жүзінде қолданамыз. Ұйымдастырушылардың айтуынша, үш жылдың ішінде жұмысшы және цифрлық мамандықтар бойынша 10 мың адамды оқыту жоспарлануда.

«Мен мобилография курсына оқимын. Оқыту тегін әрі сабақтар жайлы кабинеттерде және студияларда өтеді, онда біз фотосессияларға қатысамыз және білімімізді тәжірибе жүзінде қолданамыз. Бізге видеоларды монтаждау және әртүрлі эффектілерді қолдану үйретілді. Бұл оқуды өз жаксы көремін. Өзім риэлтормын, әлеуметтік желілерде өз қызметтерімді таныстыру үшін мобилография қажет. Бірақ менің ойымша, бұл курс өте пайдалы болады. Кейбір әйелдер тіпті балалармен сабаққа келеді, сол сияқты жақында зейнетке шыққандар да арамдыда бар», – деп өз пікірін білдірді оқушылардың бірі Наталья Губарь.

Жоба іске қосылғаны бері қала тұрғындары арасында өзінiң қалауымен мамандық тандап, білімін жетілдіріп, жұмысқа орналасуы жатқандар қатары да көп, – дейді жоба авторлары. Ал Астана қаласы әкімдігі JOLTAP жобасы арқылы қаладағы жұмыссыздық проблемасын шешуде жақсы мүмкіндіктерге жол ашылады деп отыр.

JOLTAP жобасының баспасөз қызметі «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде азаматтар келесі мекенжайлар бойынша мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алып, оқуға жазыла алатынын хабарлады: Ailand ODO, Қорғалжын тасжолы, 2; Magnum супермаркеті, Еділ көшесі, 26; «Жастар» сарайы, Республика даңғылы, 34; «Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24; Euromall CY, Қосшығұллы көшесі, 24; «Встреча» СҮ, Абылай хан даңғылы, 31; Мечта СҮ, Сығанақ көшесі, 3; «Азия парк» СОО, Қабанбай батыр даңғылы, 21; «Саянур» базары, Тілендиев даңғылы, 24/5; «Big Шанхай» базары, Алаш тасжолы, 32а.

Т.МҰҚАНАТТЕГІ

ДЕРБЕСТІК КЕШЛІ



1993 жылдың 15 қарашасы. Тәуелсіз елдің тұңғыш ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енген күні. Теңге қазақтың төл сөзі. Әуелгіде ұлттық валютаны «алтын», «сом», «ақша» деп атау жайында ұсыныс болған, кейін кешілік мемлекет және қоғам қайраткері Сауық Тәкежанов ұсынған теңге сөзіне тоқтайды. Ұлттық валютамызды шығару жас, тәуелсіз республикамыздың жылнамасындағы ең маңызды, айтулы оқиғалардың бірі еді. Десе де, теңдікке енді ғана қолы жеткен ел үшін өз теңгесін әзірлеу ісі оңайға түспегені анық.

Ғалым БАЙНАЗАР, Ұлттық банктің экс-төрағасы:

Теңгесіз біздің экономика басқарылмайды. Сондықтан экономикадағы ең басқару құрал, тірі құрал ол — теңге. Теңгеде мемлекеттік саясат, экономикалық саясат, ұлттық саясат жатыр. Біз төл валютамыздан ешқашан айырылмауымыз керек. Ұлттық банк ақша-несие саясатымен айналысып, алтын-резерв қорын жинақтасын. Екінші деңгейлі банктердің жұмысын қалағалап, экономиканы қаржыландыру керек. Мемлекеттік активтерді, алтынды халықтың табысымен байланыстыра жұмыс істеуі қажет.



Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:



Бізге көбінесе Ұлттық банктен сұралып жатады, Ұлттық банкке нақты талап қойылып жатады. «Инфляциямен неге күреспей жатырсыңдар?» деген сияқты. Бірақ бұл жерде Үкіметтің мойнында да үлкен жауапкершілік бар. Ол Үкіметтің үлкен индустриалды бағдарламалармен байланысты. Егер елімізде өзіміз тауар өндіретін болсақ, егер елімізде импорттық тауарлардың орнын алмастыратынды қарапайым заттар өндірілетін болса, мұның барлығы түптеп келген кезде теңгеміздің құлды болуына өзінің септігін тигізеді. Халықтың табысы да жыл сайын өсе түседі.

Жалпы, төл теңгеміз өзінің 30 жылдық тұрмырды төрт бірдей девальвацияны басынан өткергені туралы ресми түрде мойындалған. Алғашқы құнсыздану 1999 жылы сәуір айында тіркелді. Еркін айналымға жіберілген ақша бағамы америка валютасына қарағанда 85 теңгеден 150-160 теңгеге бірақ қарғыған болатын. Екінші девальвация араға он жыл салып 2009 жылы 4 ақпанда, үшіншісі — 2014 жылы 11 ақпанда, төртінші рет — 2015 жылы тамызда болды. Сол жылы рубль бағамы күрт төмендеп, қазақстандықтар жаппай тауар, көлік алуға Ресейге ағылған. Мамандар осы төрт бірдей құнсыздандудың әрқайсында ұлттық валютамыз орта есеппен 47%-ға арзандап отырғанын айтады. Одан кейінгі COVID-19 әлемдік пандемия салдары мен Ресей—Украина қақтығысы да төл валютамызға кері әсерін тигізгені анық. Дегенмен осындай күрделі ахуалға қарамастан Ұлттық банк ұстанған саясат пен тұрақты қалағалау оң нәтижесін беріп келе жатыр.

Биыл қазақтың төл ақшасы — теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл. Осы 30 жыл ішінде Ұлттық банктің басшылары да 12 рет ауысыпты. Оның ішінде екі рет төрағалыққа келгендер бар. Сонымен ең алғашқы төрағасы Ғалым Байназаровтан (1992 жыл қантар — 1993 жыл желтоқсан) бастап, Дәулет Сембаев (1994 жыл қантар — 1996 жыл қантар), Ораз Жандосов (1996 жыл қантар — 1998 жыл ақпан), Қалдыржан Дамитов (1998 жылы ақпан — 1999 жыл қазан), Григорий Марченко (1999 жыл қазан — 2004 жыл қантар), Әнуар Сәйденов (2004 жыл қантар — 2009 жыл наурыз), Григорий Марченко (2009 жыл қантар — 2013 жыл қазан), Қайрат Келімбетов (2013 жыл қазан — 2015 жыл қараша), Данияр Ақышев (2015 жыл қараша — 2019 жыл ақпан), Ерболат Досаев (2019 жыл ақпан — 2022 жыл қантар), Ғалымжан Пірметов (2022 жыл ақпан — 2023 жыл қыркүйек) болып жалғасты. Қазіргі басшысы Тимур Сүлейменов 2023 жылдың 4 қыркүйегінде тағайындалды.

«ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАК КЕШУ»

Тарихи шегініс. КСРО құлап, одақ құрамындағы республикалар өз алдына тарап кеткен соң Қазақстанның алдында үлкен мәселе тұрды. Ресейдің жана рублі аймағанда қалу керек пе, әлде өз валютасын шығару керек пе? Біріншісін таңдасаң, экономикалық тұрғыда тәуелді боласын, екінші таңдауға тәуекел қажет. Өйткені бір орталықтан басқарылып, ортақ жүйеге бағындырылып құрылған экономика күн өткен сайын кері кетіп жатты. Қазақстандағы инфляция деңгейінің көтерілгені сонша 1992 жылдың соңында гиперинфляция көрсеткіші 3000%-ды құраған. Тауарлар мен қызмет бағасы 50 есеге дейін шарықтап шыға келді. «Біз ұлттық валютасыз экономиканы мынандай ауыртпашылықтан шығара алмайтынына көзіміз жетті. Міне, осыған байланысты Президенттің тапсырмасынсыз, өзіміз осыған қамдана бастадық. Ол кезде елдің Орталық банкі Қазақ КСР Жоғарғы

Кенесіне бағынатын», — дейді Ұлттық банкінің тұңғыш төрағасы Ғалым Байназаров.

Айта кетейік, 1990 жылы 7 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі «Қазақ КСР банкі қызмету туралы» заңды, кейіннен 1991 жылы 20 маусымда «Ұлттық Мемлекеттік банк туралы» қаулыны қабылдап үлгерген болатын.

Құрдымға кетіп бара жатқан экономиканы құтқару үшін жедел қимылдар көрсету қажет еді. Сол кездегі Қазақ КСР Ұлттық банкінің алдында үш бірдей үлкен міндет тұрды. Біріншіден — экономиканың негізгі салаларындағы ірі даму ошақтарын сақтап қалу үшін шұғыл әрекеттер жасау.

Екіншіден — Банк жүйесін аса қысқа мерзімде реформалау — Дербес банк жүйесін құру. Үшіншіден — ұлттық валютаны әзірлеп, айналымға енгізу. «1990 жылы 25 қазанда Жоғарғы Кенес егемендік туралы декларацияны қабылдады. Бұрынғы Қазақ КСР Республикасы, Қазақстан болып аталды. Осындай тарихи романтикалық зор мәселелер кезінде банк басшылығына келдім, ол кезде бір қырықтың ішіндегі жас жігіттер болатынбыз. Көңіліміз көтеріңкі, кез келген күрделі іске дайын едік», — деп еске алады Ғ.Байназаров.

Кенестік одақтың құрсауынан босаған республикалар бірінен соң бірі өз валютасын дайындауды бастап кеткен болатын. 1991 жылы Литва, Эстония, Беларусь, Украина рубль аймағынан шықты. 1992 жылы Латвия, Әзербайжан, Молдова, Өзбекстан өз валютасын енгізді. Тек Қазақстан тарапы асыға қойған жоқ еді.

«Сол кезде С.Терешенко бастаған Үкімет мүшелері Мәскеуге жиі барып жүрді де, «біз Ресей рублі аймағында қалатын болып келістік» деп мәлімдеді. Бірнеше рет келісімшарт та жасалды», — дейді Ғалым Байназаров. Ақыр аяғында 1993 жылдың басында рубль аймағынан шығатынын Грузия мен Кыргызстан, 26 шілдеде Ресей мәлімдеген. 1961 жылдан бері қолданыста келе жатқан КСРО ақшасы Қазақстан, Армения және Тәжікстан аумағында ғана жарамды болып қалды. Экономист Мақсат Халықтың айтуынша, бүкіл одақтың жарамсыз сабан ақшасы Қазақстанға ағылады. «Ресей жоғарыда айтылған рубль аймағынан бірге шығамыз деген келісімдерге қарамай өздерінің жана рубльдерін енгізіп жібереді де Қазақстан ең соңында қалды», — дейді ол.

Дегенмен осы оқиғалармен қатар, аса құпия түрде ұлттық валютаны әзірлеу жұмыстары да жүріп жатқан. 1992 жылдың көктемінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұлттық валютаны енгізу мүмкіндігін зерттейтін жасырын комиссия құрды. Бұл жұмыс жұмбақ жағдайда жүргені сонша ол жайында жеті-ақ адам білген. «Комиссия құрамына Президент Назарбаевтың өзі, вице-президент Ерік Асанбаев, Жоғарғы Кенестің төрағасы Серікболсын Әбділдин, Жоғарғы Кенестің Қаржы және бюджет комитетінің басшысы Сауық Тәкежанов, Ұлттық банктің алғашқы

төрағасы ретінде мен болдым және орынбасарларым Мирсұлтан Тұрсынов пен Есет Қожамұратов енді. Банк тарапынан валюта әзірлеу жұмысы бізге жүктелді. Жоғарғы Кенестегі С.Әбділдин, С.Тәкежановтармен үнемі кенесіп, заңдылық жағын сұрап отырдық», — дейді Ұлттық банктің тұңғыш төрағасы Ғ.Байназаров.

Қазақстанға жедел әрі батыл түрде экономикалық реформаларды іске асыру керек болды және оны ақша-несие саясатынан бастау қажет еді. Жұмыс тобына қоса құпия жағдайда жаңа валютаның дизайнын жасайтын шығармашылық топ жасакталды. Белгілі суретші, дизайнерлер Меңдібай Әлин, Тимур Сүлейменов, Хайролла Ғабжәлелов және Ағымсалы Дүзелханов Алматы қаласының сыртындағы саяжайда екі жарым ай жатып, ұлттық валюта дизайнын жасап шықты.

«Теңге жобасын» әзірлеуші комиссия бірнеше елдің ақша шығару тәжірибесін зерделей келе Ұлыбританияның «Харисон және оның ұлдары» банкот фабрикасы таңдалды. Осылайша, алғашқы теңгені Harrison & Sons компаниясы Лондонда басып шығарды. Өз елінде банкоттық фабрикасы жоқ, әрі ақша басып шығару саласынан тәжірибесі аз Қазақстанның ұлттық валюта енгізудегі батыл қадамын шетел сарапшылары үлкен тәуекел мен ерлікке балап жатты. «Бір маңызды мәселені атап өту керек. Сол жылдары Ұлыбританияда жүрген қандастар да Қазақстаннан барған мамандарға қол ұшын созып, жәрдемдескен. Аз ба, көп пе ондай көмектер де осындай мерейтой қарсаңындай айтылуы тиіс», — дейді экономист М.Халық.

Ендігі мәселе теңгені елге жеткізу еді. Ен алдымен Лондоннан құпия түрде тасымалдау үшін Қазақстанның ұшағы болуы тиіс-тін. Өкінішке қарай, ол уақытта шетелге сапар, жүк тасымалы тек Мәскеу арқылы және ресейлік ұшақтармен жасалынатын. «Ағылшын тілін білетін, командирі қазақ ұшақ экипажын табу қиын болды. Бәрі де орыс ұлтынан еді. Амаж жоқ ресейлік «ИЛ-76» ұшағын жалдап, арнайы контейнерлерге салынған банкноттарды тасымал, сенсендер жүк көлемі 18 рейс болды», — деп еске алады Ғ.Байназаров. Құпия жағдайда Лондоннан жөнелтілген жүк кедендік тексеруге жатпайтын «құпия үкімет жүгі» санатына жатқызылды.

Алайда төл теңгеміз 1993 жылдың сәуір айында елге жеткізілгенімен қолданысқа бірден ене алған жоқ. Құпия түрде Тараз бен Солтүстік Қазақстандағы қоймада жатты. Осындай айналымы оқиғалар жылдам жүзеге асып жатқан шақта 1993 жылдың күзінде Ресей үкіметі Қазақстанға өзгеше шарт қояды. Яғни, Ресейдің жана рубль аймағында болу үшін Қазақстан өз алтын-валюта қорын басқаруды Мәскеудің қолына беруі тиіс еді. Бір жағынан Ресейдің осы өктем шарты жалтақтап отырған республика үкіметінің жылдам шешім қабылдауына түрткі болғандай. Ақыр аяғында 1993 жылы 12 қарашада тұңғыш Президент ұлттық валюта — теңгені айналымға енгізу туралы Жарлыққа қол қояды. Дәл сол күні Н.Назарбаев мемлекеттік телеарна арқылы Қазақстан халқына үндеу жолдап, ұлттық валютаны таныстырды.

Ескі үлгідегі ақшаны Қазақстанның төл валютасына айырбастау 1993 жылы 15 қарашада сағат 8.00-де басталды және үш күн бойы рубль мен теңге параллелді жұмыс істеді. 1993 жылдың 18 қарашасынан бастап ұлттық валюта — теңге Қазақстан аумағындағы жалғыз заңды төлем құралы мәртебесіне ие болды. Нәтижесінде, айналымнан 950,6 млрд рубль алынып, оның орнын төл теңгеміз басты. Теңгенің ең алғашқы Ұлттық банк бекіткен бағамы бір долларға 4,69 теңге болды. Десек те, төл валюта айналымға енгізілген күннен бастап жылдам құлдырай бастады. Мамандар оның себебін әуелден айырбас бағамы дұрыс болмады деп түсіндіреді. Соған сай, теңге бағамының құлдырауы алғашқы екі жылда рекордтық — тарихи максимум көрсеткішке жетті. Ұлттық валюта 1995 жылдың соңында 11,6 есе төмендеді (1158,4%).

Құллі қазақтың мақтанышына айналған теңгенің тұңғыш келбеті бүгінде музейлерде сақтаулы тұр. 1995 жылдың мамыр айында Қазақстанның тұңғыш банкнот фабрикасы ашылды. Қажетті жабдықтар мен заманауи технологияның арқасында теңгені өз елімізде шығаруға мүмкіндік тулы. Арала үш жыл өткенде, 1998 жылы Монета сарайы ашылды. 2006 жылы ұлттық валютамыздың дизайнын жаңартылып, теңге арқылы еліміздің тарихи және қазіргі заманғы көрікті жерлерін насихаттау тұжырымдамасы негізге алынды.

ТЕҢГЕ ТАРИХИ ҚЫЗМЕТІН
АТҚАРЫП КЕЛЕДІ

Бүгінде теңгенің бағамын нарық реттеп отыр. Ел экономикасы өсіп, ішкі жалпы өнім ұлғайғалы бері теңге тұрақты, әрі сенімді валюта ретінде жұртшылық назарын аудар бастады. Экономист Мақсат Халықтың пікірінше, қазір теңге өзінің функциясын атқарып келе жатыр деп айтуға негіз бар.

«Бір кездердегі бүкіл тұрғын үйдің, жылжымайтын мүліктің, көліктің бағасының бәрін біз доллармен белгілеп, доллармен қойып жататынбыз. Қазіргі уақытта қарасак, оның барлығын біз теңгемен өлшейміз. Сондықтан төл теңгеміздің бүкіл экономикалық жүйеде, тұтас бір өзінің рөлі бар деп атап өту керекпіз», — дейді ол.

Қазір теңге көршілес Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей елдерінде еуро, доллармен бірге айналымда жүр. Яғни, ол елдерде теңгені сатып алуға құқық бар, бұл қазақ валютасына деген сұраныстың дәлелі болса керек. Сондай-ақ төл теңгеміздің цифрлы нұсқасын шығару қолға алынып отыр.

«Цифрлы теңгені шығаруды өз басым тарихи оқиға деп білемін. Ресей ол туралы енді ойлана бастады. Қазір әлемде Блок чейндж технологиясы үстемдік құра бастады, бұл — заман талабы. Енді тек цифрлы теңгенің құпиялылығын, хакерлік шабуылдарға қарсы тұра алатын қабілетін, қауіпсіздік мәселесін реттеуіміз қажет», — дейді Мақсат Халық.

Жалпы, ұлттық валютаның құны ел экономикасының өсіміне және шетел валютасына қатынасына қарай белгіленіп отыратыны айқын. Ұлттық банктің мәліметінше, биылғы қазан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,1%-ға нығайды. Алтын-валюта резервтері 2 млрд долларға ұлғайып, 34 млрд долларды құрады. 2023 жылдың 10 айында Ұлттық қорда 1,83 млрд АҚШ доллары көлемінде он инвестициялық табыс қалыптасып, валюталық активтердің көлемі 56,3 млрд доллар болды.

Теңге — тәуелсіздік тірегі, экономикалық дербестіктің кепілі. Ұлттық валюта ұлттық экономикамыздың іргетасын қалауға ықпал етті. Біздің теңгеміз 30 жыл ішінде өзінің тарихи функциясын толығымен орындап шықты және өз құндылығын әлі де дәлелдей бермек.

Бауыржан БАЗАР



Ақын Шәмшібай Сариевтың «Төл теңгеміз туралы» өлеңі осыдан 30 жыл бұрын, яғни 1993 жылы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған екен. Ұлттық валютамыз айналымға енген күні жарыққа шыққан жырды өздеріңізбен бөлісуді жөн көрдік.

ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗ ТУРАЛЫ

Шәмшібай САРИЕВ

Туымды желбіретіп жел кереді,
Еліме осы еді ғой ең керегі.
Алтын орда заманынан бұл-бұл ұшып,
Тағдырым табыстырған теңгем еді.

Не бір ой мүжіп егген ой адамын,
Кеудемнен сейілгендей кей аламын.
Телмірмей теңгем барда тебіреніп,
Енді мен тәуелсізбін дей аламын.

Түскендей әсері бар сөзі аспаннан,
Шет жұртқа телмірдік-ау көз ашқаннан.
Енді мен бақыттымын, өгейсініп,
Басқа көз қарамайды өз ақшамнан.

Қол жемтті алтын, лағыл, маржанына,
Бұрылып қарай алман жаз-жағымна.
Басқа емес қарайды енді өз көзіммен,
Өмірдің қымбаты да, арзаны да.

Мен айтсам, бұл қазақтың бағын айтам,
Өмірді сүйіп тұрып сағына айтам.
Алдымнан шықты бүгін жуз қаралық,
Тұғырға қайта мініп Абылай хан!

Кей дұшпан қамықты іштей, қатты өкінді,
Бұл іске досым түгіл жат шоқынды.
Енді мен бақыттымын, өгейсініп,
Оялып аруағы таққа отырды.

Жаратқан жазмышына жубанайын,
Туған ел тәубе десіп қуанайын.
Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым,
Тіріліп қайта көрді ұлы Абайын.

Өлмейтін тұлғаларын Отан көрді,
Бақытты, болашағын ботам көрді.
Тәуелсіз туған елдің теңгесімен,
Қазақтың өміріне Шоқан келді.

Ақыр қайыр жөнелер жол бұраңмен,
Бастаған батырлардай қолды ұранмен.
Өз күйін бастап кетті Құрманғазым,
Екінші Ана тілім — домбыраммем.

Мен неге Жамбылдайын, сыйынбайын,
Жүйрігім оза шатты құйындайын.
Алатауды жаңғыртып жырлай келді
Аққың ақын атам Сүйінбайым.

Қуанбай қай қазағым жай таба алды,
Қушағын Алатауды айқара алды.
Әруақты бағамыз әл-Фараби,
Туған қазақ жеріне қайта оралды.

Қуз келіп көк аспанда ұшқан бір күн,
Көктемде оралғандай құстар бір күн.
Көшетін қолдан-қолға ұлыларды,
Аялап алақанға ұстар жұрттым.

Аз емес пайғамбардай сыйынары,
Халқымың табынатын пірі бәрі.
Өмірдің жырды мәңгі тоқтамайды,
Жырлай бер қазағымның ұлылары!

Дүние дөңгелеудей дөңгеледің,
Өзі тауып жатады ел керегің.
Қазақ қазақ болғалы қолға ұстаған,
Құтты болсын, ағайын, теңгелерің!..

16 қараша 1993 жыл

КҮЙДІРГІНІҢ КҮЙІГІ

Қарағанды облысының Абай ауданына қарасты Топар ауылында өткен айдың аяғында жарияланған карантин алынып тасталды. Карантиннің себебі күйдіргі анықталып, ауру жұқтырған бір адамның қайтыс болуы еді. Күйдіргінің күйігі бір ауылды ғана емес, облысты өбігерге салып қойды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

26 қазанда Топар ауылында сiбiр жарасының ошағы анықталған-ды. Инфекция көзі жеке шаруа қожалығының бұқасы екені анықталып, оның өлексесі жойылды.

Ауру жұқтырған бір тұрғын жұпалы аурулар орталығында көз жұмды.

«Дәрігерлер қабылдаған барлық шараға қарамастан, сiбiр жарасын жұқтырғаннан кейін жансақтау бөлiмiнде жат-

онай дезинфекциялауға болатын көлiктi пайдалану керек. Жерлеуден кейiн көлiктi ғана емес, сонымен қатар барлық құралды, қорғаныс киiмдерiн мұқият дезинфекциялайды. Дезинфекция жерлеу орнында қатаң белгiленген ережелерге сәйкес жүргiзiлдi.

«Жерлеуге қатысқан адамдар кезең бойынша дәрігерлердің бақылауында болады», — деп атап өтті облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті.

Енді 15 күнге созылған карантин де, ауылға қiреберiсте тұрған бағана да



қан 1948 жылы туған науқас қайтыс болды. Өлім күйдіргінің ауыр кезеңіне және қатар жүретін аурулардың болуына байланысты болды», — деді облыстық Денсаулық сақтау департаментінің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар департаменттегілер түсіндіргендей, медициналық көмекке кеш жүгіну де әсер еткен. Ауру жұқтырған қалған науқастардың жағдайы тұрақты. Кейін ауылда карантин енгізілгені хабарланды.

Сол уақытта Абай қаласының қiреберiсiнде полиция бекетi қойылып, санитарлық тексеру жұмыстарын жүргiзе бастады. Ал ауылға Жартаст жактан кiретiн екiншi жол жабылды. Сонымен қатар елдi мекеннен мал және сүт өнiмдерiн алып кетуге немесе кiргiзуге тыйым салынды. Мал союға және аумақтан жем-шөп тасуға да рұқсат жоқ.

Қауiпсiздiк шарасын ойластырған облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментi жұпалы дерттен қайтыс болған Топар ауылының тұрғынын мырышталған табытқа салып, жерледi. Басқарманың мәліметінше, ер адамды жерлеу кезінде аса қауіпті инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу үшін барлық санитарлық-эпидемиологиялық талапты сақтау қажет.

«Сiбiр жарасынан қайтыс болған адамдарды жерлеу эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтай отырып, мырышталған, герметикалық табытта дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жүргiзiледi. Қабiрлердi қазу, тасымалдау және мәйiттi жерлеу үшiн 3-5 адамнан тұратын топ жасакталады. Адамдарға жұмыстарды жүргiзу тәртiбi, жерлеу ерекшелiктерi, қорғаныш костюмiн пайдалану ережелерi және жеке профилактикалық шараларды қатаң сақтау туралы мұқият нұсқау берiлдi», — деп хабарлады Қарағанды қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментiнiң баспасөз қызметi.

Аталмыш ведомство хабарлағандай, мәйiттi жерлеу орнына жеткiзу үшiн

алынып тасталды. Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау комитетінің Қарағанды облыстық инспекциясы ауылда карантиннің алынып тасталғаны туралы қаулының күшіне енгенін мәлімдеді.

— Топар кентінде 9 қарашадан бастап карантин алынып тасталды. Шектеу шаралары кезінде арнайы пеште дерт анықталған өгізшені еті жойылды, барлық қажетті алын алу шаралары жүргізілді. Ауаларды аралау және дезинфекциялау жүргізілді, барлық малға вакцина салынды, халықпен әңгіме жүргізілді. Адамдар мен мал арасында инфекцияның жана жағдайлары анықталған жоқ. Бірақ жағдай бақылауда болады, — деді Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Ержан Бекетбаев.

Ауылда сiбiр жарасы анықталғаннан кейiн осы аралықта адам да, мал да ауырмаған. Қазiр ауылдағы барлық мал басына сiбiр жарасына қарсы екпе егiлген. Сарапшылар инфекция кезiн әлi iздестiруде.

— Малдың ауруды жем-шөп арқылы жұқтыруы мүмкiн деген нұсқа бар. Өйткенi қожайындары малын жайлауға шығармаған. Бiз сынақ үшiн бiрнеше жем үлгiлерiн жiбердiк. Сынақ нәтижесiн күтеміз, — дедi Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау комитетінің Қарағанды облыстық инспекциясы басшысының орынбасары Данияр Мергазин.

Сондай-ақ ол вакцинадан соң малды 14 күннен кейiн ғана қатаң түрде тек арнайы белгiленген жерде және ветеринардың қарауынан кейiн союға болатынын ескерттi. Ауру жануарды союға тыйым салынады.

Толассыз жауған жауын да елдi әбiгерге салуда. Мал қазiр жайылымда. Ал жанбырдан кейiн арнайы полигондарда көмiлген төрт түлiк өлексесi ашылып қалғанын айтады ауыл тұрғындары. Сондықтан «соған да назар аударса екен», — дейдi олар.



АСТЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ АЛАҢ

Бердібек ҚАБАЙ

(Басы 1-бетте)

«Ауа райының қолайсыздығына қарамастан биыл жалпы жиналған астық — 16,4 млн тонна. Бұл енді елімізді нан, ұн және макарон өнімдерімен қамтамасыз етуге толығымен жетеді. Лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына барлығы 4,7 млн тонна астық күйылды, оның ішінде 1,8 млн тонна — 3-сұрып астығы», — деді министр Айдарбек Сапаров отырыста берген есебінде.

Бұған дейін Ауыл шаруашылығы министрлігі берген мәлімет бойынша, биыл фермерлер үшін онай жыл болмағанын, негізгі астық егетін өңірлерде жауын-шашын толығымен 25 күнге созылған айтқан. Десе де, күздің соңы жақсы болғандықтан, шыққан астықтың барлығын шығын етпей қамбаға тасып үлгергенге ұқсаймыз.

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қажетті қолдау көрсету жөніндегі тапсырмасы шеңберінде Үкімет егіннің сапасына теріс әсер еткен қолайсыз ауа райы жағдайларының салдарын барынша азайту жөнінде шаралар қабылдады.

Айта кету керек, ауыл шаруашылығы өнімдерін қабылдау Азық-түлік корпорациясы анықтаған лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына алдын ала төлем сомасына жүзеге асырылады.

МЕМЛЕКЕТ БИДАЙДЫҢ ҚҰНЫН ТҮСІРГЕН ЖОҚ

Форвардтық сатып алулар мен тауарлық несиелі бойынша шаруаларға айыппұл төлемей 1,05 немесе 5% коэффициенті бойынша 3-сұрыпты бидайды 4-сұрыпқа ауыстыру арқылы өз міндеттемелерін ақшалай қаражатпен орындауға мүмкіндік берілді. Міндеттемелерін орындай алмаған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге банктік сыйақылар арқылы қайтарымды тек 3% көлемінде өтей отырып, шартты орындау мерзімін бір жылға ұзарту мүмкіндігі қарастырылды. Мемлекеттің қолдауы бұл жолы дикандар үшін аса қолайлы болғаны да шын. Мұндай жеңілдіктер мен мүмкіндіктер ауыл шаруашылығының дамуына, және қиын жағдайда тығырықтан шығуға тыныс беретін тағы бар.

Құрғақшылықтан зардап шеккен еліміздегі 232 ауыл шаруашылығы туар өндірушілерге бүгінде дейін 1 млрд теңгеден астам қаржы төленді. Төтенше жағдайды жоюға Үкімет резервінен қосымша 3,7 млрд теңге бөлініп отыр.

БІЗДІҢ АСТЫҚТЫ КІМ АЛАДЫ?

«Ақ Бидай — Терминал» АҚ арқылы 2023 жылдың соңғы айлары бойынша 121 мың тонна астық жөнелтілген. Жөнелтілген астықтың басым көпшілігі Иран Ислам Республикасы бағыты болып отыр. Биыл қазан айында экспорттаушылардан 2 000 тонна көлемінде астық жөнелтуге өтінімдер келіп түсті. Астық терминалы арқылы астық тиеудің 2023 жылға арналған жылдық жоспары 400 мың тоннаға дейін жеткізіледі деп көзделуде.

Кеше ғана Азық-түлік келісімшарт корпорациясы ҚХР 200 мың тонна астық жеткізу жөніндегі меморандумға кол қойды. Қытайда өткен 6-шы халықаралық импорт көрмесі аясында Азық-түлік келісімшарт корпорациясы мен С.Р.Trading компаниясы арасында әріптестік меморандумына кол қойылды. Осылайша, қытайлықтар Қазақстаннан 200 мың тонна астық сатып алуға уағдаласып отыр.

АСТЫҚТЫҢ САПАСЫ ТЫМ ТӨМЕН

Дегенмен осы жылдың жазы аптап ыстық пен құрғақшылық болғаны шындық. Ал егін жинау науқаны бастала бере еліміздің барлық өңірінде жауын-шашын молайып, астық жинау жұмысына әжептәуір кедергі келтірді. Мамандардың мәлімдеуінше, осы күздің түп-тура 25 күнінде толассыз жаңбыр болғанын жоғарыда айттық. Астық жинау уақытының мұнша үлкен кедергіге ұшырауы тәуелсіздік жылдардан бергі уақытта бірінші рет орын алып отыр. Шаруалар шаршап, министрлік мәніне бара алмай жатқанда Президент өзі пәрмен беріп, жағдайды біршама оң арнаға бұрған. Десе де, әуірімізде жүріп орақ жүргізген дикандар бүгінде жұмысты аяқтаған. Айтылған қолайсыздықтардың салдарынан еліміз жоспардағыдан 6 млн тонна өнімді кем орағаны белгілі болды. Министр Айдарбек Сапаров жағдайға байланысты бидай сапасының да күрт төмендеп кеткенін баяндаған.

Елімізде өткен жылы үшінші-төртінші сұрыптағы астық шамамен 90% болса, қазір элеваторларға жеткізілген астықтың алдын ала деректері бойынша, ұн дайындауға қажетті үшінші сұрып шамамен 35%. Төртінші сұрып 20%-дан асады. Дегенмен үшінші және төртінші сұрыптағы бидайлардан еш қорықпай қажетті үн өнімдерін жасай беруге болады. Ал сапасы одан төмен болған жағдайда астық мал азығы резервіне жіберіледі. Демек, алдағы 2024 жылда да үн бағасы төмендемейтін түрі бар. Қымбатшылық қарқын алса, астық өнімдері мен ұнды тағы да Ресейден тасымалдайтынмыз байқалып тұр. Бір өкініштісі, солтүстік көршімізден өкелініп жатқан астық пен ұнды дені заңсыз жолмен жеткізіледі екен.

Жоғарыдағы айтылған мәселелердің басын саралай келе, астық сапасының төмендігі мен өткен жылғы қамбадағы мол өнімнің түгесіле бастағаны салдарынан елімізде ұнның бағасы күрт өскен. Көтерілген үн бағасының қайта төмендейтін түрі байқалмайды. Қара базардағы 50 келі 1- сұрыпты үн бағасы осыдан 2 ай бұрын 8000 теңге болса бүгінде 15 мың теңгеден саудалануда.



Премьер-Министрдің баспасөз қызметінің мәліметінше, Үкіметте Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен кеңес өткен. Отырыста үн бағасын төмендетуге байланысты шаралар қабылданып отырғандықтан, Бірақ ұнның тұрақты бағада қалар түрі жоқ.

БИЫЛҒЫ БИДАЙ ЖЕМГЕ ҒАНА ЖАРАЙ МА?

Осы жылы Ақмола облысында да егін түсімі жылдағыдан екі есе төмендеп кеткен. Былтыр астықты өңірден орташа өнімділігі гектарына 12 центнер болса, биыл 5-6 центнерге жетер-жетпес қана. 5 миллион гектардан астам алқапқа егілген екен. Жиналған астықтың ештеңеге жарамайтын түрі бар.

Өңірдегі «Каменка и Д» ЖШС басшысы білікті шаруа Алексей Джейранов толассыз жауған жауынның салдарынан орақ науқаны жылдағы уақыттан шамамен 20 күнге кешігіп қалғанын айтады. Ол биыл 17 мың гектар алқапқа егін екен. Күні бүгінге дейін астықтың 50 пайызынан астамын ғана жинап алыпты. «Оған қоса, егіннің сапасы да айтарлықтай төмен», — дейді дикан.

«Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп жүргеніме 24 жылдай болды. Мұндай жағдайды осыған дейін көрмеппін. Әрине, бидайдың біразын жиып алдық. Бірақ оның сапасы тым төмен. Былай айтқанда, жемге ғана жарайды. Ал мұнша жемнің кімге керекті бар, оны білмеймін. Шығынға батып жатырмыз», — дейді. Шаруа алқаптарынан жиналған бидайдың келер жылы тіпті тұқым ретінде мүлдем жарамайтынын айтып налып отыр.

«Шопан ата» жалпыұлттық қозғалысының төрағасы Алмасбек Садырбаев болса, еліміздің ауыл шаруашылығы саласында нағыз драмалық құбылыс жүріп жатқанын айтады.

«Менің болжамым бойынша, болып жатқан жағдайға байланысты жақын арада елдегі фермерлердің шамамен 25-30 пайызы жұмысын түгел тоқтатады. Оларды арзан ресейлік, түрікменстандық және басқа да импорттық өнімдер тұншықтырып жатыр, соның кесірінен ауылшаруашылық өндірушілеріміз өз өнімдерін сата алмауда. Фермерлер несиелік құлдыққа түсіп, өз міндеттемелерін өтей алмай отыр», — дейді ол.

Оның болжамының қаншалықты дәлелі бар екенін білмейміз, дегенмен дәл осы астық пен тұқым шаруашылығына байланысты елімізде бірталай мәселе барға ұқсайды. Ел шаруалары мен Үкімет құрғақшылыққа төзімді тұқым іздеп әуре болып кеткен шақта биыл аяқасты жанбыр молайып, ылғалға төзімді астық сорты қат болма қалды. Енді ғалымдар мен шаруаларға және билікке сорттың мұндай түрі де аса қажет. Ел болып тұқымының ылғалға төзімді түрін іздеп кеттік.

«Тұқым шаруашылығына қауіп төніп тұр. Солтүстік өңірлерде Ресейден келген тұқым өндірушілердің шағым-

дарына толы. Қостанай облысындағы әріптестеріміз Ресей Федерациясында 20 жыл бұрын өндірілген «Омская 36» және «Омская 18» бидай сорттарын пайдаланғаны үшін 20 миллион теңге гонорар өндірілді. Жауапкер олардан бұл тұқымдардың бір граммы да сатып алмаған, бірақ өндірушілер тұқымға зияткерлік меншік құқығын талап етіп отыр», — деді Қарабалық ауылшаруашылық тәжірибе стансасының (ШОС) басқарма төрағасы Дамир Қалдыбаев.

Демек, келесі жылы біз астық тұқымы өзімізде болмай, бар болғанда да жетпей қалса, көршімізге алақан жаярымыз сөзсіз. Ал сұрап алған тұқымның қайтарымы сан есе болып кетер болса, биылғы астық пен үн мәселесі келер жылы да туындап шыға келмесіне кім кепіл?!?

ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Батыс Қазақстан облысында психоневрологиялық қызметі бұзылғандарға арналған бірнеше әлеуметтік орталық бар. Ол орталықтарда қызмет алушылар жыл бойына мемлекеттің бақылауында болады. Былтыр сондай арнаулы әлеуметтік орталықтардың ішінен қоғамға бейімдеуге болады деген таңдаулы топты бөлек шығарды. Яғни, 2022 жылдың 15 маусымында Орал қаласында «Өз бетімен тұруды сүйемелдеу» орталығы ашылды. Осы орталықтың пайдасы бар ма? Қызмет алушылар қоғамға бейімделе алды ма? Редакция тілшісі орталыққа барып, қызмет алушылармен тілдесіп қайтты.

«Өз бетінше тұруды сүйемелдеу» әлеуметтік орталығы «Круглоозерный» арнаулы қызмет көрсету орталығына қарайды. Қазір орталықта 15 адам тұрып жатыр. Ашылғанына бір жылдан асқан орталықта айтарлықтай өзгерістер бар. Орталық жетекшісі Гүлнұр Ескабылова

бүгінде 13 адам қоғамға бейімделіп, тұрақты жұмысқа орналасқанын айтты.

— Алғашқы айлар аздап қиындау болды. Оны енді мойындаймыз. Себебі қызмет алушылар ешқашан қоғамға шықпаған, интернетта ғана отырған адамдар ғой. Ең қарапайымы, таңда тұрып төсек жинау, киім үгіктеу, асханаға бару секілді тірліктер оларға кәдімгідей салмақ салатын еді. Тәртіп сақтау сынды қарапайым қағидаларды түсіндіріп айтып, қазір үйреттік. Біздің қызмет алушылар қазір бәрін үйренді. 13 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Жұмысқа өздері барып, келеді. Арасында іс-әрекетке бейімсіздері де бар. Оларды біздің мамандар апарып, әкеледі, — дейді орталық жетекшісі Гүлнұр Ескабылова.

Бұл орталықтағылар — бұрын арнаулы әлеуметтік орталықтарда қызмет алғандар. Облыста 12 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бар. Сол орталықтарда бүгінде 1 348 адам қызмет алады. Осы орталықтардан қоғамға бейімдеуге келетін, мінез-құлқы тәрбиеге көнетіндерін өз бетінше тұруды сүйемелдеу орталығына әкеледі. Сол жерден оларды ортаға, қоғамға бейімдейді.

Олар осы жерден қоғамдық көлікпен жүруді, адамдармен араласуды, тамақ дайындауды үйренеді. Осы орталыққа келіп жұмыс тауып, өзінің сүйікті ісімен айналысып жүргендердің бірі — Әлімжан Куташев.

Әлімжан мұнда орталық ашылған кезде келген. Жасы 26-да. Ол қазір қаладағы кофе сататын орталықтарға қажетті кофені дайындап жібереді. Бұл қызметке Әлімжанды жұмыс беруші өзі үйретіп алыпты.

— Мен кофенің сорттарына қарай қуырамын. Кәдімгі жасыл түсті шикі кофе келеді. Оны жұмыс беруші өздері жеткізеді. Мен арнайы құрылғымен оны қуырып, пакеттерге салып кофе сататын орталықтарға жіберемін, — дейді Әлімжан Куташев.

— Біздің орталықта әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, психолог, еңбек нұсқаушысы бар. Бастапқы кезде қызмет алушының денгейін бақылаймыз. Қарым-қабілеттерін анықтаймыз. Бірі — тігінге, бірі — ағашпен жұмыс істеуге, бірі аспаздыққа жақын екендігін байқаймыз. Сосын сол қабілеттерін дамытуға көмектесеміз. Біздің Әлімжан Куташев — сегіз қырлы, бір сырлы жігіт. Бір айтқанды қырып алады. Тез үйренеді, — дейді Гүлнұр Максотқызы.

Орталықта Әлімжан секілді жандар көп. Олардың барлығының тағдыры ұқсайды. Кезінде қаладағы басқа әлеуметтік орталықта тәрбиеленгендер. Қазір осы жерде жан жылуын тауып, еңбекке араласып жүр. Әлімжан Куташев ағаш шеберімен бірігіп бұйым да жасайды. Орталықтың еңбек нұсқаушысы қызмет алушыларды еңбекке баулиды. Қолдары ептілері ең мықты ағаш шебері болып шығады.

Өз бетімен тұруды сүйемелдеу үйіне келгені жұмыс тауып, ортаға үйренгендердің қатарында Айнұр Абылғазиева мен Толқын Қабашева бар. Толқын қазір қолөнер бұйымдарын дайындауды үйреніп жатыр. Ал Айнұр болса қолөнерге бейім. Орталықтың жанындағы қолөнер шеберханасы жайнап тұр. Неше түрлі бұйымдар, картиналардан көніл марқайды.

Өзі ұяң, сөзге жок Толқын Қабашева орталық өзіне ұнайтынын, бұрын қолынан келмеген істі осында келіп үйренгенін атап өтті.

Орталықта жақсы жаңалық, жетістік көп. Ол туралы орталық жетекшісі Гүлнұр Максотқызы өзі айтып берді.



«Орталықта қызмет алушылардың жастары әртүрлі. Ең кішісі — 19-да, ең үлкені — 44 жаста. Біз бұларды бір үйдің балаларындай болсын деп тәрбиелейміз. Ұжым өте ұйымшыл. Үйреткенді тез меңгеріп алады. Әсіресе, спорттық шаралардан алдымызға жан салмай жүрміз. Ақтөбе қаласында өткен республикалық турнирден жүлдемен оралдық. Түркістан қаласында өткен футболдан бірінші орын алдық. Қостанай қаласында зп-темір көтеруден өткен турнирде үшінші орын алдық. Спорттық шараларда жетістіктеріміз өте көп. Олар — қоғамға шықпай, шеттеліп қалған адамдар. Ал қазір қоғамға үйреніп, үлкен жетістіктер көрсетіп жүр. Қазан айында Алматыға саяхатқа барып келдік. Бұл саяхатқа Батыс Қазақстан облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қолдау көрсетті. Біздің қызмет алушылар Алматының өте әдемі жерлерін көрді», — дейді ол.

Жоғарыда біз атап өткен Айнұр Абылғазиева үйлі болып жатыр екен. Біз сол қуаныштың үстінен түсіппіз.

— «Отбасы банк» арқылы ипотекаға үй алып жатыр. Қазір үйдің барлық құжаты тапсырылып, дайын отыр. Айнұр іс-әрекетке қабілетті, қоғамға әбден бейімделді. Ол өз бетімен бөлек тұра алады. Ол қазір мейрамханада тазалықшы болып жұмыс істейді. Ата-анасы, бауырлары бар. Олар жиі келіп тұрады, — деп атап өтті Гүлнұр Ескабылова.

Сан қылы тағдырлар тоғысқан бұл әлеуметтік үйде екінші топ мүгедектері

тұрады. Олардың көбі — ата-анасы бас тартқан немесе тастап кеткен тағдыр иелері. Кейбірін ата-анасы балалар үйіне өткізіп жіберсе, кейбір ана баласы ауру екенін білген бойда перзентханада бас тартқан. Қазір олар өсіп, жетілді. Айнұр Абылғазиева секілді қоғамға бейімделген, тәрбиеге көнетіндері мемлекеттік бағдарлама арқылы үйлі болып, енді өскен ұясынан ұшқалы отыр.

Әлеуметтік орталық қызметкерлері қызмет алушылардың ата-анасын, туыстарын іздеп табуға тырысады. Бүгінде төрт қызмет алушының туысы табылыпты.

Сондай бақытты жандардың бірі — Азамат Барақов. Оның туысқандары Ақтөбе қаласында тұрып жатыр екен. Анасы қайтыс болған, бірақ нағашылары бар. Азамат қазір қаладағы білдей бір мейрамханада аспаз болып жұмыс істейді. Басында жұмыс беруші «Екінші топтың мүгедегі, қалай жұмыс істейді?» деп Азаматты аспаздың көмекшісі қызметке қабылдағысы келмеген. Бірақ жігерлі жігіт өзін дәлелдеп, қазір сол мейрамхананың аспазы болып жүр.

Осылайша, орталық мамандары балаларды ата-ана, жақындарымен қауыштыруда. Ондағы мақсат — қызмет алушының өз ортасы, бауырлары болса деген ой. Сол арқылы оларды қоғамға бейімдеп, «сенің де отбасың бар, жалғыз емессің» деген ұғымды сіңіруді көздейді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Биыл сәуірде газетімізге Жетісу облысы Сарқан ауданындағы Тасқұдық ауылында мектептің жоқтығы туралы «Тасада қалған Тасқұдық» атты мақала жарық көрген еді.

Онда былтыр педагогтердің тамыз конференциясында «Жетісу облысында бірде-бір апатты және үш ауысымда оқытатын мектеп жоқ» деп айтылған сөздің шындыққа жанаспайтынын, өңірде үш ауысымда оқытатын, апатты жағдайдағыны айтпағанда, оқушылардың білім алуына мүлде келмейтін мектептер бар болып шыққаны, сондай білім ошақтарының бірі Сарқан ауданындағы Тасқұдық ауылында орналасқаны жазылған болатын. Шағын елді мекендегі бастауыш мектепте оқитын жеткіншектер едені шіріп, ойылған, қабырғасы қақырап, құлау алдында тұрған ғимаратта білім алуға мәжбүр екені, аумағы 100 шаршы метр болатын мектептің сыныптары да тар әрі сабақ оқуға қолайсыз екені айтылған. Мектептің сыртқы келбеті де онып тұрмағаны, сыртына қарап мұнда балалар білім алады дегенді өзін ұят екені де жазылған.

Ақыры жылдар бойы ауданнан бастап облысқа дейін арыз-армандарын жеткізген жұртшылық жана мектептен күдерін мүлде үзеді. Жоғарыдағы жауаптылардан қайыр болмайтынына көзі жеткен тұрғындар өз күшімен мектеп ғимаратын салуға кіріскен. Негізгі жұмыстары атқарылғаннан кейін құрылысты толық аяқтауға шамасы келмей қалады. Амалсыздан тұрғындар жергілікті билікке жүгініп, тым болмаса құрылыс жұмыстарын аяқтап беруге көмек сұраған. Балаларының өмірі мен денсаулығына алаңдаған жұрт өз күшімен мектеп салуға кіріскенде сол кездегі аудан әкімі, марқұм Талғат Қайнарбеков бұл бастамаға қолдау білдірген. Амал қанша, ол кісі былтыр қыркүйекте кенеттен қайтыс болған соң мектеп құрылысы да тоқтап қалған.

Әкімдіктерілерден: «Жана мектепке арнап салынған нысан орналасқан жер телімі осы ауылдағы азаматтардың біріне тұрғын үй салу үшін берілген. Кезінде мұнда тұрғызылған нысанды медициналық пункт немесе полицияның тірек бекеті ретінде пайдалану ойластырылған. Бірақ мемлекеттік сараптамадан өтпеген,

ТАСҚҰДЫҚТА ТҮРҒЫНДАР МЕКТЕП ТҮРҒЫЗДЫ



тиісті құжаттары реттелмеген ғимаратты балалар оқытатын мектеп ретінде пайдалануға болмайды», — деген жауап келеді.

Ал Жетісу облыстық Білім басқармасы тасқұдықтық бүлдіршіндердің құлағалы тұрған ескі мектепте білім алып жатқанын растай келе, жаңа білім ошағын салу мәселесі жуық арада шешіле қоймайтынын мойындап жаңа оқу жылынан бастап оқушыларды көрші ауылдың мектебіне тасымалдап оқытатынын мәлімдеген. Ауыл тұрғындары болса, күнде шығын шығарып, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп, басқа ауылға тасымалдамай, жаңа ғимараттың құжатын реттеп, оқушыларды сол жерге ауыстырудың қажет екенін шамасы жеткенше дәлелдеуге тырысқан. Ақыры олар өз дегеніне жетті, өтінішін өз күшімен орындады. Сөйтіп, биылғы қарашада жалпы ауданы 225 шаршы метр болатын, заман талабына сай жабдықталған мектеп ғимаратының ашылу салтанаты өтіп, бүлдіршіндер жана мектеп-




тін алғашқы қонырауын соқты. Қазір мектепте мұғалімдер мен қызметкерлерді қоса алғанда 12 адам жұмыс істесе, 1-4-сынып аралығындағы 28 оқушы білім алады.

Бақалы ауылдық округінің әкімі Әсет Танатарұлының айтуынша, елді мекендегі ескі мектептің жағдайы жұртты ғана емес, ауыл, аудан басшыларын да толғандырып келген. Бірнеше жыл бұрын сол

кездегі ауыл әкімі Арын Тұрсынханұлы деген азамат аудан әкімі Талғат Қайнарбековті шақыртып, білім ошағының жай-жапсарын айтып, жағдайын көрсетеді. Салынғанына жарты ғасыр өткен ескі, жағдайы қазіргі талапқа сай келмейтін ауыл мектебін көріп аудан әкімі ауданның қоғамдық кеңесін жинап, Жанат Мұқашев басқаратын «Бабалар рухы» қорын жұмылдырған. 2020 жылы сол «Бабалар рухы» қорының қолдауымен мектеп құрылысы басталады. Іргесі қаланып, қаңқасы тұрғызылған кезде округ әкімі де, аудан әкімі де кенеттен қайтыс болып, құрылыс жұмысы аяқталмай қалады. Қазіргі аудан әкімі демешуші табылғанына күте тұруды ұсынған. Дегенмен істің арты сиырқұймышақтанып бара жатқан соң ауыл азаматтары жиналып, ақылдасып, осынау бітейін деп тұрған шаруаға жұмыла кетеді. Ауылдан шыққан Құсайын Хасеналин, Совет Мамырбаев сияқты азаматтар бастап әр отбасы 100 мың теңгеден жинайтын болып келесі. Сырттан, көрші ауылдардан да көмек қолын созғандар болыпты. Сөйтіп, әркім өз шамасынша, біреу ақшалай көмек берсе, біреу қолда бар техникасын салып, әр апта сенбілік жасап, асарлатып жүріп мектепті бітірген екен.

Тасқұдықтағы шешімін күткен тағы бір проблема — осында бес жыл бұрын мемлекеттің 134 миллион теңгесіне тұрғызылған су мұнарасының жұмыс істемейтіні. Қыруар қаржыға салынған нысан халық игілігіне айналмай-ақ тозып кеткен. Сырттан қарасаң, иесіз жатқандай. Айналасын қамыс-қоға басып, жанындағы қосалқы құрылыстың қабырғалары қақырап, жабықтары тотана бастаған. Тұрғындардың айтуынша, мұнараны тұрғызып, құбырларға қосқаннан кейін су жұрмей қалған. Содан соң Сарқаннан келген мамандар ауылдың су құбырын бұрынғы ескі су қоймасына қоса салыпты. Қазір ауыл тұрғындары ескі су қоймасынан тартылған тіршілік нысан тұтынып отыр. Ендігі үміт — осы мәселеге назар аударып, тексеруді бастадық деген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаментінде.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы



ПАНАМАДАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Жақында робототехникадан Панамада өткен Дүниежүзілік олимпиадада қазақстандық оқушылар жүзден жүйрік шығып, жеңіс тұғырынан көрінді. Аталмыш додада 81 елдің өрендері бақ сынаған.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Біздің ел бұл олимпиадаға 2014 жылдан бері қатысып келеді. Әлемдік финалда үш күн бойы еліміздің жас робототехниктері Connecting the World («Әлемді біріктіреміз») тақырыбы аясында креативті инженерлік жұмыстарын таныстырды. Нәтижесінде, тұңғыш рет ел қоржыны 2 күміс, 4 қола медальмен толықты. Аталған робототехника олимпиадасына қатысушылар бұған дейін Тайланд, Малайзия және Германияда өткен сайыстарда елдің намысын қорғап, жүзден жүйрік шыққан.

Панамадағы білім бөйгесінде еліміздің атынан барған екі команда да жүлделі орындарға ие болды. Future Engineers санаты бойынша барған оқушылар күміс еншілесе, Robomission санаты бойынша бақ сынаған балғындар Қазақстанның қоржынын қола медальмен толықтырды. Қазір робототехника — елімізде енді ғана қанатын жайып келе жатқан саланың бірі. Жыл санап оған қызығушылар саны да артып келеді, әсіресе мектеп оқушыларының арасында қызықты оқу пәні ретінде танымал.



— Бұл менің халықаралық сайысқа алғаш рет қатысуым. Бұған дейін мен көбінесе бағдарлама жазудан республикалық және халықаралық деңгейде онлайн форматта өткен сайыстарға, хакатондарға қатысып жүрдім. Ал кешегі олимпиада мен үшін өте қызық өтті. 80 мемлекеттің ең мықты робототехниктері бір сайыста, 4 категорияда жарысты. Біздің категориямызда 37 топ берілген мәселелерге өз шешімін ұсынды. Біз ұсынған жобамыздың аты — сулогистиканың тиімділігін жақсарту үшін робот

прототипін құрау. Біз шағын скифф жүйесін қолданатын лега робот құрастырудан бастап, толығымен электроникадан жасалған, 5 айналу осінен тұратын робот-манипулятор құрдық. Олимпиадаға дайындық 6 айға созылды. Жарты жыл аралығында біз аптасына 20 сағаттан дайындалдық. Arduino, Esp32, Computer Vision, Server Programming, Forward Kinematics, Mechatronics бағыттарында өз бетімізбен білім алдық. Осылайша, дайындық сапалы өтті, — дейді Астанадағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Әділет Аусарбеков.

Панама олимпиадасынан олжалы оралған оқушылардың бірі — Жанарыс Қаппаров.

— Мен осымен екінші рет халықаралық сайысқа қатысып отырмын. Осыдан бұрын Дортмундта болған олимпиадаға қатыстым. Осы сайыста өзімді еркін ұстадым, өйткені өзіме сенімді болдым. Роботтехниканы түсіну үшін логикалық мықты болса болды, — дейді жарыс жүлдегері.

Жарыс жеңімпаздары роботтарды жобалау, инженерлік ғылымдар және

басқа да инновациялық білім беру технологиялары саласындағы дарынды оқушылар екенін әлем алдында дәлелдеді.

Олимпиада қорытындысында медаль саны бойынша еліміздің жас дарындары екінші орынды иеленді. Сонымен қатар халықаралық сайыста АҚШ-тың, Қытайдың, Әзербайжанның әйгілі робототехника мектептері мен клубтарымен, сондай-ақ беделді халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеу үшін меморандумға қол қойылды.

КОРЕЯЛЫҚ СПЕКТАКЛЬ САХНАЛАНДЫ

Қазақстан мен Корея арасында дипломатиялық қатынастың орнанына отыз жылдан асты. Былтыр екі елдің үкіметі «Өзара мәдени алмасу жылын» жариялаған еді. Айтұлы жыл аясында өткен аптада Корея мәдениетімен танысуға мүмкіндік туды. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында «Тенгрида» қойылымы сахналанды.



Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өткен шараның мақсаты — екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту. Поэтикалық формада сахналанған «Тенгрида» қойылымы екі мемлекетті Ұлы Тенгридің ежелгі рухани күмбезінің астына біріктірді. Қойылымда алғашқы шайқастар, рухтар, бақсылар және өмір сүру үшін күрес тақырыбы көрініс табады. Театр сүйер көрермен «Тенгрида» арқылы тайпалар арасындағы жекпе-жек пен билің ерекше үлгілеріне, адалдық пен махаббат дастанына куә болды.

Спектакльде корейлік Кан Тхэ Сик, ал сахналық жекпе-жекте Ким Джо Эль режиссерлік қызмет атқарды. Сценарисі — Ким Су Ми, балетмейстері — әлемдік додаларда талантты паш етіп жүрген қазақстандық Анна Цой. Одан өзге театр сахнасында Кореяда кең танылған әнші Ли Сон Эль бой көрсетті. Сондай-ақ актерлік ұжымның құрамында театр артистері Руслан Абу, Олжас Сак, Нариман Егембеков, Ұлжан Оразбаева, Аліхан Қарибаев, Гүлзада Иманғалиева және Республикалық мемлекеттік академиялық музыкалық-комедия театрының өнерпаздары бар.

— Мен жолбарыстар тайпасының басшысын сомдадым. Ол — өз тайпасына адал, халқын қорғау үшін күресетін хан. Қойылымның негізгі түйіні — екі ел бір-бірімен жаулап, халқы тату-тәтті өмір сүруі тиіс. Менің кейіп-



керім бір сөзінде: «Аюлар мен жолбарыстардың бір-біріне қарсы шығуы — жақсылық емес», — дейді. Бүгінде күллі әлем назарын аударып отырған қантөгістің түбі де жақсылыққа апармайтын мензейтіндей, өзекті мәселе. Дайындық кезінде аса қиын бола қойған жоқ. Режиссердің еңбегінің арқасында қойылым сәтті шықты деп ойлаймын, — дейді басты рөлдің бірін сомдаушы актер Олжас Сак.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ТҮРІК ФИЛЬМДЕРІНІҢ АПТАЛЫҒЫ ӨТУДЕ

Астанада түрік фильмдері аптасы

Астана қ. Достық көшесі 9,
Керуен ОСО, Кинопарк 7 IMAX

Орында субтитрмен

Кіру тегін

13 қараша Сағ. 19:00	Көбелектің түсі
14 қараша Сағ. 19:00	120
15 қараша Сағ. 19:00	Ертұғырыл 1890
16 қараша Сағ. 19:00	Ұзақ хикая
17 қараша Сағ. 19:00	Соңғы хат
18 қараша Сағ. 19:00	Қызыл орамалды шынар

13-18 қараша аралығында Астанада Юнус Эмре атындағы түрік мәдениет орталығы түрік фильмдері апталығын өткізіп жатыр.

Шара Түркияның Мәдениет және туризм министрлігі кинематография басқармасының қолдауымен Түркия Республикасының 100 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Түрік фильмдері апталығы бауырлас екі ел арасындағы

мәдени байланыстың одан әрі нығая түсуіне, рухани өзара алмасуына үлес қосу мақсатында өткізілімекші.

Апталық аясында қала тұрғындары мен қонақтары тарихи, романтикалық және шытырман оқиғаға толы алты үздік түрік кинотуындысын тегін тамашалай алады. Олардың арасында «Көбелектің түсі», «120», «Ұзақ хикая», «Ертұғырыл 1890», «Соңғы хат» және «Қызыл орамалды шынар» сияқты фильмдер бар.

АЗИЯ «ОСКАРЫН» ЖЕҢІП АЛДЫ

Аустралияның Брисбен қаласында өткен, Азияның «Оскар» саналатын Asia Pacific Screen Awards (APSA) атты Азия кеңістігіндегі ең басты халықаралық кино сыйлығында отандық фильмдер үш бірдей жүлдеге қол жеткізді.

Режиссер Асхат Кученчерекөвтің «Бауырына салу» фильмі — «Ең үздік жастар картинасы», Айсултан Сейітовтің «Қаш» фильмі — «Ең үздік операторлық жұмыс» (қоюшы-операторы — Азамат Дулатов), ал Әлішер Исмаилов жас актер Айбар Салыман Дархан Төлегеновтің «Ағайындылар» фильмінде сомдаған рөлі «Ең үздік жаңа орындаушы» аталымында топ жарды.

«Бауырына салу» фильмі сәби кезінен әжесінің тәрбиесінде болған баланың оқиғасын баяндайды. Туындының тұсауы осы жылы Испанияның Сан-Себастьян қаласында өткен беделді кинофестивальде кесілді, онда ол «Жаңа режиссерлер» бағдарламасында көрсетілді.

«Ағайынды» фильмі былтырғы қыркүйекте Германиядағы Oldenburg International Film Festival фестивалінде «Кино рухы» сыйлығын жеңіп алған болатын, ал биылғы сәуір айында Қазақстанның киносыншылар қауымдастығы бұл картинаны «2022 жылдың үздік драмасы» деп таныды. Сонымен қатар фильм

Италия, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Испания және Болгариядағы халықаралық кинофестивальдерде 10 марапатқа ие болды.

«Қаш» фильмі қазақ даласындағы 30-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі халықтың қиын тағдыры туралы баяндайды. Кабір қазушы Исатай өз ауылын құтқару үшін қауіпті миссияға барады, бірақ жолда оған кезбе адам кездесіп, оны адастырады. Айта кетсек, Айсултан Сейітов жазда Шанхай халықаралық кинофестивалінде осы жұмысы үшін «Үздік режиссер» номинациясын жеңіп алған болатын.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТАЛШАЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4375
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114